

Пәкістан Ислам Республикасы "Пәкістан мұсылман лигасы" басқару партиясының Вице-президенті Гохар Аюб Ханның Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы N 71-е
Өкімі

2007 жылғы 29 наурыз - 2 сәуірде Астана қаласында Пәкістан Ислам Республикасы
"Пәкістан мұсылман лигасы" басқару партиясының Вице-президенті Гохар Аюб
Ханның Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу
жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:
сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына ақы төлеуге 2007 жылға арналған
республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген
қаражат есебінен 346456 (үш жүз қызық алты мың төрт жүз елу алты) теңге сомасында
қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық
ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр